

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Т.Әбжелелі



№ 25 орта мектебі бойынша

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында
2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспары

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:

Н.Сейітова

І. Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы: «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

ІІ. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді тәрбиелеу;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал ері әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

ІV. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында

құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылығы: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

Мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірелейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шыындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершіліктен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз ерекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс ерекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқарта көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық
Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:
мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде тандауға және құруға дайын болу.

Құндылық: жасампаздық және жанашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;
жанашылдарды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көріңдер және оларды іске жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық

дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдермен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығымен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өзешімдерімен идеяларын ұсына білу;
Өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
Бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
Модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және болу,
процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің онтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру,
оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
әртүрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырманды
көмеленіс, ақпараттық, цифрлық қортадағы қызмет).

Күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: Үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың бағасымен мінез-құлдық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемі тұтыну» – сұды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру;
- Жалыннамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй құмбірі» – қоныраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымының оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-метелдер, халық даналығы,
- көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Жыл сайын:

- «Досбол ІКЕ» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.
- «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.
- «Ақылдар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақылдардың сайыстарын өткізу.

І.Тәрбиенің ормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Негізі	Қазақстан Республикасының Конституциясы «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/ ; Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдар арналған жол картасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысы «Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІV 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІV «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-ІV «Балалардың денсаулығы мен дамуына қарай бағытталған қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ІV «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік ел» идеясының жобасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығы Біртұтас тәрбие тұжырымдамасы, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №15584 болып тіркелді «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-ІV ҚРЗ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қантардағы №44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2016 жылғы 15 ақпандағы №13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорына қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы») Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №1176 ұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды Ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы), https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414
--------	--

- Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.
- Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.
 - «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (тандау бойынша)
- Бағдарламала ұсынылған әлеуметтік жобалар:**
- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
 - «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
 - «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
 - «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
 - «Smart bal» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
 - «Балалар кітапханасы

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету			
Негізі	Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету-тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша оқу әдістемелік құралдармен ұсыныстар дайындау.		
	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша озық тәжірибелерді, креативті ойлар мен авторлық бағдарламаларды зерттеу, талдау және енгізу.		
	Оқу-әдістемелік құралдарын қолдану.		
	Этнопедогогика және психология, қазақша-орыс тілдік қатынастарының	Ұлттық құндылықтарын	игілігін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.
	Жыл сайын оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізбесіне тәрбиелік және дамытушы сипаттағы оқу әдебиеті кітаптарын қосу		

Қыркүйек – енбеккорлық және кәсіби біліктілік айы

- 1 қыркүйек – «Білім күні»
- 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
- Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
- Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
- Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

* Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	сынып сағаты	1-11 сыныптар	02.09.24ж	МДТЖЖО: Н.Сейтова сынып жетекшілері
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байұрсыновтың туған күніне орай)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	1-11 сыныптар	05.09.2024 ж	Тілдер бірлестігі
3	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	Ата-аналар жиналысы	Ата-аналар, сынып жетекшілер	06.09.2024 ж	МДТЖЖО: Н.Сейтова сынып жетекшілері,
4	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	09.09.2024 ж	Сынып жетекшілер
5	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	Отбасы күніне арналған челлендж	1-11 сыныптар	12.09.2024 ж	МДТЖЖО сынып жетекшілері,
6	Будлингітен қорғаң Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	16.09.2024 ж	Сынып жетекшілер
7	Еңбек түбі береке. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	1-11 сыныптар	23.09.2024 ж	Сынып жетекшілері

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

- 1 қазан – Халықаралық қарттар күні
5 қазан – Мұғалімдер күні
24 қазан – Кітапханашылар күні
25 Қазан – Республика күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	30.09.2024 ж	Сынып жетекшілері
2	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет. Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы Мерекелік кеш	7-10 сыныптар 2-4 сыныптар	01.10.2024 ж 01.10.2024 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілері, тәлімгер
3	«Даналық ұстаздан» челленджі	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	5-9 сыныптар	03.10.2024 ж	Сын. жетекшілері, Мектеп парламенті
4	Ойынта салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	5-11 сыныптар	04.10.2024 ж	МДТЖЖО, психолог
5	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	07.10.2024 ж	МДТЖЖО, Сын. жетекшілері
6	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	5-9 сыныптар	11.10.2024 ж	Сын. жетекшілері
7	Буддизмнен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	14.10.2024 ж	Сын. жетекшілері
8	«Ұшқыр ой аланды» дебаты	Мектеп дебаты	8-10 сыныптар	Қазан айының 4 аптасы	Сынып жетекшілер
9	Республикама – мақтанышымы! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	сынып сағаты	1-11 сыныптар	21.10.2024 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілер,
10	Демалыста кітап оқимыз	Кітапханашылар күніне арналған мектепшілік іс-шара	2-8 сыныптар	25.10.2024 ж	МДТЖЖО, кітапханашы

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	04.11.2024 ж	Сынып жетекшілері
2	Мектеп театры	Театр қойылымы	8-9 сыныптар	05.11.2024 ж	Сынып жетекшілер
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	11.11.2024 ж	Сынып жетекшілері
4	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	5-6 сыныптар	13.11.2024 ж	Сынып жетекшілер
5	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	18.11.2024 ж	Сынып жетекшілер
6	«Stapir» байқауы	Байқау			
7	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Спорттық эстафета	3-4 сыныптар	22.11.2024 ж	Сынып жетекшілер МДТЖЖО
8	Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	25.11.2024 ж	Сынып жетекшілері

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	1-11 сыныптар	02.12.2024 ж	Сынып жетекшілері
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	1-11 сыныптар	05.12.2024 ж	Тәлімгер, мектеп параменті
3	«Тәуелсіздік-ең мұраты»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	09.12.2024 ж	Сынып жетекшілері
4	Бағалар кітапханасы	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	2-7 сыныптар	11.12.2024 ж	Сынып жетекшілері
5	Будлингітен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	18.12.2024 ж	Сынып жетекшілері
6	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	3-4 сыныптар	19.12.2024 ж	Сынып жетекшілер
7	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Түсіндірме сағаты (тудоманияның алдын алу шарасы)	5-8 сыныптар	20.12.2024 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілері
8	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	23.12.2024 ж	Сынып жетекшілері

Қаңтар – заң және тәртіп айы

1 қаңтар – Жаңа жыл

p/c	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	Мамандықтар марафоны	Байқау	9-11 сыныптар	09.01.2025 ж	Сынып жетекшілер
2	Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	8-11 сыныптар	13.01.2025 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілері
3	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	5-6 сыныптар	15.01.2025 ж	Сынып жетекшілер
4	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	27.01.2025 ж	Сынып жетекшілер
5	«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	27.01.2025 ж	Сынып жетекшілер
6	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	Байқау	5-9 сыныптар	30.01.2025 ж	Сынып жетекшілер

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	Цифрлық әлемде қауіпсіз кадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Түсіндірме сағаты	1-11 сыныптар	03.02.2025 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілері
2	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	7-8 сыныптар	05.02.2025 ж	Сынып жетекшілер
3	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	10.02.2025 ж	Сынып жетекшісі
4	«Шын жүректен кітап сыйла!» челлендржі	Челлендж	2-4 сыныптар	14.02.2025 ж	Кітапханашы, Мектеп парламенті
5	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	17.02.2025 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілері
6	«Startup» байқауы	Байқау	7-11 сыныптар	17.02.2025 ж	Сынып жетекшілер,
7	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	24.02.2025 ж	Сынып жетекшілері

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Челлендж	Өзге ұлт өкілдері	01.03.2025 ж	Сынып жетекшілері
2	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Зияткерлік ойын	3-4, 9-10 сыныптар	04.03.2025 ж	Сынып жетекшілер
3	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж		07.03.2025 ж	Сын. жетекшілері Мектеп парламенті
4	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Көрме	8-10 сыныптар	10.03.2025 ж	Көркем еңбек мұғалімдері, сын. жетекшілері, мектеп парламенті
5	«Жер сағаты» экологиялық акциясы	Акция	8-11 сыныптар	17.03.2025 ж	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі і шеңберінде пән мұғалімдері
6	Мектеп театры	Театр қойылымы	2-4 сыныптар	18.03.2025 ж	Сынып жетекшілер Театр үйірмесі
7	Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	20.03.2025 ж	Сынып жетекшілері

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	02.04.2025 ж	Сын.жетекшілері
2	Біз тандаған кітаптар	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	04.04.2025 ж	Мектеп кітапханашысы
3	Өмірге салғауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Тренинг	9-11 сыныптар	10.04.2025 ж	Психологтер
4	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	14.04.2025 ж	Сынып жетекшілері
5	Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Әңгіме сағаты	1-11 сыныптар	21.04.2025 ж	МДТЖЖО, сынып жетекшілері
6	«Түлектердің ағаш егуі» экожолдендіжі	Челлендж	9,11 сыныптар	22.04.2025 ж	Сын.жетекшілер Мектеп параменті
7	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	7-8 сыныптар	24.04.2025 ж	Сынып жетекшілер
8	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата- аналарға арналған шеберлік сынып	Шеберлік сынып	Ата-аналар	25.04.2025 ж	Психолог Г.Қожахмет

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

р/с	Іс – шаралар атауы	Форматы	Қатысушылар	Мерзімі	Жауапты
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	28.04.2025 ж	Сынып жетекшілері
2	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі	Фестиваль	9-10 сыныптар	06.05.2025 ж	Сынып жетекшілер
3	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	12.05.2025 ж	Сынып жетекшілері
4	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» көрме	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	1-8 сыныптар	15.05.2025 ж	Сын. жетекшілері
5	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Ашық алаң	9,11 - сыныптар	19.05.2025 ж	МДТЖЖО, сын жетекшілері
6	Білімім – Отаныма! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	19.05.2025 ж	Сын. жетекшілері